

Пән	Математика
Мұғалім	Манарбек Риза
Мектеп, сынып	Қарағанды қаласы, «№79 негізгі орта мектебі» КММ, 5-сынып
Сабақ тақырыбы	Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшектерді бөлу



www.bilimland.kz


Ұзақ мерзімді жоспар	5.3В Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	5.1.2.30 – Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау
Сабақ мақсаттары	<b>Оқушылардың барлығы:</b> – Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді біледі. <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> – Шамаларды анықтауда ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке есеп шығаруда қолданады. <b>Кейбіреулері:</b> – Мәтіндік есептерде ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді түсіндіреді.
Бағалау критерийлері	– Ондық бөлшектерді натурал санға, ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге бөлу амалын орындайды; – Шамаларды анықтауда ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындайды; – Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді мәтіндік есептерде пайдаланады
Тілдік мақсаттар	<b>Оқытудың пәндік, тілдік мақсаттары:</b> Оқушылар: Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындайды, түсіндіре алады. <b>Пәндік лексика және терминология:</b> «бөлшектер», «ондық бөлшектер», «натурал сан», «бөлу». <b>Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер:</b> «есептеуді тиімді тәсілмен орындау», « Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу дегеніміз – ... », «Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлудің қасиетін қолдану арқылы...;», «Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлуді орындау үшін... керек».
Құндылықтарды дарыту	Ынтымақтастық және достық қарым-қатынасты бойларына сіңіреді.
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану пәнімен жылдамдық, уақыт, жол өлшем бірліктерімен және жер ауданы түсініктерін пайдаланады.
Алдыңғы білім	5.1.2.29 – Ондық бөлшектерді 10,100,1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін біледі.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин.	<b>Кіріспе:</b> «Смарт бейджик» арқылы (натурал, жай бөлшек, ондық бөлшек сандары бойынша) топтасамыз. Топпен отшашу жасау. <b>ЖАРАЙСЫҢ!!!</b> Смарт бейджик арқылы 3 топқа топтасады.	бейджик


Сабақтың ортасы 30 мин.

Жаңа сабақты **bilimland.kz** сандық ресурсы арқылы түсіндіремін.



7 мин.

(Жеке) 1-тапсырма: «**Миға шабуыл**» әдісі арқылы **bilimland.kz** сандық ресурсынан 17-жаттығуды әр оқушы жеке компьютерлерде орындайды.



Оқушылар өзін-өзі тексеріп, «+», «-» таңбасын қояды.

**Дескриптор:**

– ондық бөлшекті бөлуде үтірді жылжыту әдісін біледі; – дұрыс нұсқаларды таңдайды.


**ҚБ:** «**Екі жұлдыз, бір тілек**» арқылы оқушылар бірін-бірі бағалайды.

Сыни тұрғыдан сұрақтар беру арқылы қолдау көрсету:

- ондық бөлшекті натурал санға қалай бөлуге болады?
- ондық бөлшекті ондық бөлшекке қалай бөлуге болады?

9 мин.

(Т) 2-тапсырма: «**Сәйкестендіру**» (**bilimland.kz** сандық ресурсынан 19-жаттығу). Оқушылар компьютерде отырып тапсырманы жұптасып орындайды.




14 мин.

**Дескриптор:**

- Натурал санды, жай бөлшекті жай бөлшекке бөледі;
- Жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдырады;
- Жауаптарды тексереді.

**ҚБ: «Бағдаршам» әдісі** арқылы бір-бірін бағалайды.

**(Т) 3-тапсырма. «Ойлан – Жұптас – Бөліс» әдісі** (**bilimland.kz** сандық ресурсынан 31-жаттығу).



Тапсырма интерактивті тақтада көрсетіледі, әр топ екі тапсырмадан орындайды. Орындап болған соң топтар бір-бірімен тапсырмаларын ауыстырады, бірін-бірі бағалайды.


**Дескриптор:**

- Ондық бөлшекті бөлу алгоритмін көрсетеді;
- Ондық бөлшекті натурал санға бөлуді орындайды.

**ҚБ: «Сыныптастарды бағалау»** арқылы оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бір-біріне баға қояды. Оқушылардың берілген тапсырманы дұрыс әрі жылдам орындауына қарай «жұлдызша» беру арқылы бағалаймын.

**Сабақтың соңы**  
10 мин.

Сабақты қорытындылау мақсатында оқушылар **itest.kz** сандық ресурсындағы «Ондық бөлшектерді бөлу» тақырыбы бойынша 10 сұрақтан 5 жеңіл (1 мәтін есеп) сұрақты таңдап алып, тест тапсырады.



**Рефлексия**

«Еттартқыш, себет, чемодан» әдісі бойынша сабаққа рефлексия.

Стикер таратылады.

Үй тапсырмасы: №718 (тақ), 719 (жұп) есептерді шығару.

Стикер



<p><b>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b></p>
<p>Жеке, жұптық және топтық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларға қолдау көрсетемін. Оқушылардың қабілетіне қарай түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды ойлау мен дағдылардың деңгейлеріне қарай байланыстыру.</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір тілек», Бағдаршам», «Сыныптастарды бағалау», «Еттартқыш, себет, чемодан», мадақтау сөздер оқушылардың сабақты қорытындылауын жоспарлап отырмын</p>	<p>Әрбір оқушының сабақ ережелерін сақтап, жұмыс істеулеріне бағыт беріп отырамын.</p>